



Ағымдағы ақпарат



Өрт сөндіру бекеті ашылды

Ұялы ауылынан №49 өрт сөндіру бекетінің ашылуы тұрғындар үшін өте бір жағымды жаңалық болды. Өйткені, аудан орталығынан 180 шақырым шалғай жатқан мекенде жазғы ыстықта жиі орын алатын дала өрттерін сөндіруде арнайы техниканың жоқтығы оларды әбден қажытқан-ды.

«Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының құрамына кіретін бұл бекет тек қана Ұялы емес, оған жақын маңда орналасқан Бөрлі, Саралжын ауылдық округтеріне де қызмет көрсетпек. Аудан әкімдігінен 6 миллион 600 мың

теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда 1 «МТЗ-80» тракторы су тасығыш тіркемесімен және «ЗИЛ-130» өрт сөндіру машинасы жабдықталды. Алдағы уақытта «ГАЗ-66» техникасы алынбақ. Ауылдың арнайы оқудан өтіп, сертификатқа ие

болған 10 тұрғынының жетеуі осында жұмысқа орналасты. Телефон желісі де іске қосылды.

Бекеттің ашылу салтанатына қатысқан «Өрт сөндіруші» АҚ директоры Сансызбай Күзембаев (Орал) пен ауыл ақсақалы Бақтығали Уаепов лента қып: «Тосын жағдай болмасын, өрт те орын алмасын. Жылтылдаған от болса, сол сәтте ауыздықталсын» десті.

Ернар ШАКЕНОВ.

Кең болсаң, кем болмайсың



«Мектепке жол» акциясы аясында М.С.Бабажанов атындағы орта мектепте ұйымдастырылған «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету» атты шарасына кәсіпкерлер Анаргүл Дәулетова, Светлана Оразова, Жазира Сұлтанғалиева, Жанболат Наурыззов, Салтанат Шәріпқалиевалар үн қосып, аз қамтылған отбасы балаларына киім-кешек пен оқу-құралдарын алып берді. Айта кетелік, мектеп ұжымы жаңа оқу жылы қарсаңында рейдтік шаралар жүргізіп, «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасақтады және демеушілерді көптеп тарту мақсатында орталық көшелердегі хабарландыру тақталарына үнпарақтар ілді.



Бар жақсыны балаларға ұсынатын, әркез бүлдіршіндерге мейіріммен қарап, оларды қуантуға асығатын дана халықтың ұрпағымыз ғой. Кең жүрек, қолы ашық, қайырымды жандар әлі де белсенділік танытады деген сенімдеміз.

Жанна СҰЛТАНОВА,
әлеуметтік педагог.

* * *

Мемлекеттік кірістер комитеті құрылуының төрт жылдығын

«Мектепке жол» акциясымен орайластырған аудандық кірістер басқармасы ұжымы көп балалы үш отбасы бүлдіршіндеріне оқу құралдарын сыйға тартты. Басқарманың бөлім басшысы Талғат Әлішев ата-аналар мен оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, жан-жақты сауатты, еліміздің патриоты болуларына тілектестік білдірді. Өз тарапынан шәкірттер мен олардың ата-аналары да ризашылықтарын жеткізді.

Айша ҚҰРМАШ.

Кезектен тыс сессия

Депутат Тілеген Арыстанбековтің төрағалығымен өткен аудандық мәслихаттың кезектен тыс XIX сессиясында төрт мәселе қаралды. Аудандық мәслихатының 2017 жылы 29 желтоқсандағы №13-8 «2018-2020 жылдарға арналған Бөкей ордасы ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізуге байланысты Сайқын және Орда ауылдық округі әкімдері М.Аққалиев пен М.Сейсеновтің, мәслихаттың кейбір шешімдерінің күшін жою жөнінде мәслихат аппаратының басшысы А.Хайроллиннің хабарламалары тыңдалып, мақұлданды. Сондай-ақ, Ж.Еркеғалиев, Қ.Саматов, У.Мұқанғалиева, Н.Сабыровтар сынды елге танымал тұлғаларға ауданның «Құрметті азаматы» атағына беру жөніндегі ұсыныс та депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Арайлым ӘЖІҒАЛИЕВА.

Құлаққағыс

Қоқысты да кәдеге жаратуға болады

Германияның әрбір ауласына қоңыр, көк, сары және сұр түсті төрт контейнер қойылып, біріншісіне биологиялық қалдықтар, екіншісіне картон, қағаз, үшіншісіне шүберек, мақта сияқты тез өңделетін қалдықтар, ал, соңғысына алдыңғы үшеуіне де қосылмайтын қалдықтар тасталады екен. Олардың әрқайсысы сұрыпталып, қайсыбірі отынға пайдаланылады. Жиһаз, иіссу құтылары, ескі көлік пен оның бөлшектері арнаулы орындарға тапсырылады. Неміс халқының мұндай жүйеге әбден бейімделгені соншалық, кішкентай балаларының өзі қоршаған ортаның ластанбауын қадағалап өседі. Тек бұл елде ғана емес, Еуропаның дамыған мемлекеттерінің көпшілігінде қоқыстарды қойылған жәшіктерге сұрыптап салу үрдісі әлдеқашан қалыптасқан.

Өкінішке қарай, бізде тұрғындар арасында ондай мәдениет әлі де кемшін. Оған мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сайқын ауылынан түсірілген мына суретте А.Оразбаева көшесіндегі қатар тұрған үш қоқыс жәшігінің әлі тола қоймағаны байқалады. Десе де, тұрғындар қоқысты қол созым жердегі жәшікке лақтыруға ерініп, қасына қоя салған. Байқағаныңыздай, пакеттер, қораптар, темекі қалдықтары, бөтелкелер еш сұрыптаусыз лақтырылады. Сонда қоқыс жәшіктері не үшін тұр? Өкелген қоқысты тиісті контейнерлерге лақтыра салудың несі қиын?



Мұндай немқұрайлылық көңіл қынжылтады. Өйткені, қоқыс жәшіктері балалар ойнайтын алаңнан алыс емес. Бұралқы иттер де көп жүреді. Шашылып, жел ұшырып, төңіректі ластайтыны сөзсіз. Кей ата-аналар қоқыс пакеттерін тысқа шыққан балаларына ұстатып жібереді, әлбетте, олардың бойы контейнерге жетпейді әрі ойынға асыққан бала қолдарындағысын кез келген жерге тастап кете барады. Мұның айтылып та, жазылып та, жауыр болған тақырып екені рас. Бірақ, еш нәтиже жоқ. «Айта, айта алтайды, Жамал апай қартайды» деген осындайdan шықса керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, көптеген дамыған елдердің тәжірибесінде қоқысты өңдеу нақты жолға қойылған. Алпауыт ел АҚШ осы «қажетсіз дүниелерді» қайта өңдеу есебінен жылына 240 миллиард доллар пайда түсіреді. Жапонияда қоқыстың 90%-ы қайта өңделіп, кәдеге жаратылса, қытайлықтардың пластикалық қоқыс қалдықтарынан жасаған киімдерді нарыққа шығаратыны баршаға мәлім. Тарих парағында қоқыс мәселесін түбегейлі шешкен тұлға, саясаткер, Сингапурдың тұңғыш премьер-министрі Ли Куан Ю көшеге қоқыс тастау өз алдына, тіпті, түкіруге де тыйым салыпты. Сингапурлықтар жиналған қоқыстың 60%-ын өңдеп, 38%-ын энергия алу үшін өрттесе, қалған 2%-ын күл күйінде полигонға жібереді. Балықшылар ауылы орналасқан Семакау атты аралдың тұрғындарын ел билігі Сингапурге көшіріп, бос жерді қоқыс полигонына айналдырады. Бақандай жиырма жылдың ішінде оған 60 млн. текше метр қоқыс тасталып, оның күлі бүгінде тыңайтқыш есебінде кәдеге жаратылуда. Аумағы 350 гектар жерді құрайтын қоқыс полигоны көк шалғынды жасыл аймаққа айналған. Туристер оны «жердегі жұмақ» деп атап кетіпті. Ғалымдардың есептеуінше, аралға 2045 жылға дейін қоқыс төгуге болатын көрінеді.

Нарықтық экономикаға көшкен елдердің біразы қоқысты сұрыптап, өңдеу арқылы да табыс табуға болатынын көрсетіп отыр. Бизнеске бой ұрған біздің жігіттеріміз осыны бір ой елегінен өткізіп, қолға алса, қоқыс мәселесі шешілер ме еді? Бұл туралы ойларыңызды, байқаған келеңсіз көріністерді суретке түсіріп, too-orda@bk.ru электронды поштамызға жіберулеріңізге болады.

Ең құрығанда қоқыс жәшіктерін мақсатты пайдалана білейік.

Арайлым ЕСМАҒҰЛОВА.

Сәрсенбі, 22.08.2018

Бейсенбі, 23.08.2018

Жұма, 24.08.2018

Сенбі, 25.08.2018

Жексенбі, 26.08.2018

Дүйсенбі, 27.08.2018

Сейсенбі, 28.08.2018

+30 +19 +26 +17 +25 +16 +25 +15 +29 +15 +30 +19 +30 +19

Адамдар. Жылдар. Тағдырлар



Ерлі-зайыпты Сағынәлі-Мәстура Ықсановтар

ӨМІРІ ӨНЕГЕМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН

— Байырғы сайқындық Сағынәлі аға Ықсанов 80-ге толып жатыр. Газетіңе түртіп жіберсейші. Көп болса астына «Қойшыбаев» не өзге бір қарияның фамилиясын қоя саларсың,-деп әзіл-шыны аралас ұсыныс тастады аудандық кірістер басқармасының бөлім басшысы Мұрат Таңатов бір басқосуда.

Иә, кезінде М.Мәметова атындағы кеңшардың озат шоферы, мақтаулы шопаны болған, «Еңбек даңқы» ордені мен «Еңбек ардагері» медалінің иегері, Бөкей ордасы ауданының құрметті азаматы Сағынәлі Ықсанов 18 тамыз күні сексеннің сеңгіріне шығыпты.

— Туған жерім — Жетібай ауылдық кеңесіне қарасты Карл Маркс колхозының орталығы Ақкөлмек. Әкем Ықсан (1900 жылы туған) Дінсейітов пен анам Тұрсын (1913 жылы туған) Өтешқызы қатардағы колхозшылар. Отбасында бір қыз, қос ұлмыз. Апам Рысханым (1935 жылғы) Әженде тұрады. Інім Нұрлан (1947 жылғы еді) өткен жылы дүние салды,-деп бастады әңгімесін ақсақал. — 1952 жылы Жетібай жетіжылдық мектебін бітіріп, сегізді Жәнібекте, тоғыз бен онды Ордада оқыдым. Тайғарадағы Қабылхан Биарыстанов, Оралдағы Мәжит Есенов бәріміз М.Горький атындағы Орда орта мектебінің 1955 жылғы түлектеріміз.

Сабаққа алғырлығымен көзге түсіп, сыныпта озаттар қатарынан табылғанымен қалаға барып, әрі қарай оқуды жалғастыруға отбасы жағдайы тартпапты. Жасы ұлғайған әрі Ұлы

Отан соғысынан мүгедек болып оралған әкесінің саулығы сыр беріп, еңбекке араласуына тура келеді. Ордадағы механизация училищесінің әуелі алты айлық, кейін бір жылдық курсын бітіріп, кең профильді тракторист-машинист куәлігін алады. 1957 жылы жаңадан құрылып жатқан М.Мәметова атындағы совхозға механизатор болып орналасады. Бір жылдан соң әскерге шақырылған бозбала ер азаматтың нағыз шыңдалу мектебінен өтеді. Танк командирлігіне оқып, сержант шенін алған С.Ықсанов әскери-саяси дайындықтың үздігі атанып, кейін құрама батальон құрамында әскери училище курсанттарын, болашақ офицерлерді танктен атуға жаттықтырыпты.

Әскерден оралған соң автомобиль жүргізушісі болады. Ескі «газоннан» бастап, «ЗИС», «ЗИЛ» машиналарын айдайды. Алыс сапарларға да шығады. Ол кезде совхозда мал көп. Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу ұраны көтеріліп, жыл сайын жаңадан отарларүсті-үстіне жасақталады. Жер кең болғанмен, ауыз су тапшы. Сондықтан отарлар мен табындарға су автокөлікпен тасылып берілетін. Сәкең де сол іске тартылып, он жыл бойы «водовоздың» ролін айналдырыпты.

— Мына жеңгең Мәстура Қасымсаттарқызымен 1958 жылы жаңадан салынған Сайқын клубында танысқанмын,-деп күле сөзін жалғады Сағынәлі аға. — Алғашқы да, соңғы да сөз салған қызым осы болды. Бір-бірімізді жүрепкең ұғысып,

1962 жылы шаңырақ көтердік. Үлкендердің де бабын тауып, сыйлы келін бола білді. Жеті ұл-қыз өсіріп, отыз шақты немере-жиен өрбіттік. Орда ауданы қайта құрылғанға дейін әртүрлі науқандық жұмыстарда істеген. 1972 жылы әскерде бірге болған қарулас досым Мұқас Ахметов аудандық қаржы бөліміне бастық болып келіп, біздің үйге түсті. Мәстураны кеңсе тазалықшысы етіп қызметіне қосты. 1981 жылы қой бағуға шыққанымызша сонда істеді.

Ықсановтардың екінші тың деп дәріптелген қой шаруашылығына баруы кездейсоқ болыпты. Таңның атысы, күннің батысы малшы ауылдарға су тасудан босамай жүрген шофер жаз кезінде көлеңкеде жатпай, манғаздана қымыз сімірген шопан жігітке қарап, ойға қалады. «Балалар да қолғабысқа жарап қалды.

Отбасымен бір отарға ие болсам, машинамен күндіз тауып, түнде ішкен айлығым да артды емес пе?» деген ұйғарымға келіп, зайыбымен ақылдасады. Ол да қарсы келмейді. Сөйтіп, Сайқыннан Сарбастыға қоныс аударады. Кешікпей-ақ еңбекқор әулеттің аты ауданға танылады. «Мал басын аман сақтап, төл алу, жүн қырку тапсырмаларын асыра орындады» деу айтуға ғана оңай. Қаһарлы қыста, аптап ыстықта малды оты-суынан кенде қылмау, ойдағыдай бағып-күту екінің-бірінің қолынан келе бермейді. Елгезектік, іскерлік, шаруаның ыңғайын таба білу шарт. Бұл қасиеттердің Сағынәлі Ықсановтың бойында барына ұжымдастары куә болды. Еңбегі ескіріліп, түрлі марапаттауларды иеленді. Өңіріне орден, медаль тақты. Ауданның құрметті азаматы атанды.

«Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» дейді қазақ. Сәкеңнің кенжесі Қайырбек әке эстафетасын қабылдап алып, сол «Сарбастыда» шаруа қожалығын дөңгелетіп отырса, Теміржан өз алдына қожалық иесі. Арнаулы, жоғары оқу орындарын бітіріп, мал дәрігері дипломын иеленген Біржан мен Алмагүлі Орал қаласында. Дүниеден озған Ақылбегі (артында екі баласы қалды) болмаса, қалғандары әртүрлі салада еңбек етуде.

— Аспанымыз ашық, дұшпанымыз қашық, заманымыз тыныш болып, егемен еліміздің еңсесі асқақтай берсін! — дейді Сағынәлі аға шынайы ықыласпен.

Каримолла ҒАЙСИН.

Билер кеңесі

Алғашқы іс қаралды


Судьялардың республикалық кеңейтілген кеңесінде халық сайлаған билер кеңесін құру жөнінде бастама көтеріліп, ол бұқара тарапынан қолдау тапқаны белгілі. Ауданымыздың әр округінде де билер кеңесі құрылуда. Құрамында алты адамы бар Сайқын ауылдық округінің билер кеңесі жақында бірінші рет іс қарады.

Тұрсынбек Қабатовтың өзілмандары жиі қозғайтын несие, қарызға ақша алу мәселесі — өмір шындығы. Қарыздың күліп барып, жылап қайтатыны да, «ер мойнында қыл арқан шірімегенімен, шұбатылып ұзақ жүретіні» де рас. Аудандық соттың сайқындық билерге ұсынған алғашқы істері де бережақтарын екі жарым жылдан аса созған борышкерлер хақында екен. Алажақ-бережақ иелерін беттестіріп, әрқайсысын асықпай тыңдаған кеңес мүшелері оларға сұрақтар қойып, біраз жайды пысықтап, ақыл-кеңестерін айтып, тараптарды келістірді. Борышкерлер жыл аяғына дейін қарыздарынан құтылуға уәде етті.

Бір қарағанда осындай мәмілеге екеуара отырып та келісуге болатын секілді. Жоқ, алажағын сұрап, ескерту жасаған сәтте кейбір қарыздар жандар «не, сол мендегі ақшаға тіреліп қалдың ба?» деп өре түрегеліп, аузына келгенді айтып салатын көрінеді. Қарыз мерзімі үш жылдан асса, «уақыты ескірген» деп заң орындары алажақ адамның арызын қарамаулары да мүмкін екен.

Әрине, борышкерлердің бәрі бірдей мұндай мінез танытып жатқан жоқ. Біреулері ақша алған адамдарына жағдайларын жаймен түсіндіріп, ұғыныса білуде. Алмақтың да салмағы барын естен шығармаған жөн-ау. Осы орайда, билер кеңесі мүшелерін таң қалдырған мына жайды да оқырмандарға жеткізгеніміз дұрыс шығар. Кәсіпкер Сәуле Лайықова: «Баспана сатып алуға қаражатымыз жетпей тұр, көмектесіңізші», -деп жалбарына өтініш жасаған бір әйелге 300 000 (үш жүз мың) теңгені ұстата салыпты. «Аналық жүрегі елжіреп кеткен ғой. Әйтпесе, бейтаныс жанға ақшалы ер азаматтың өзі ондай соманы бере алмайды», -деген доғарыстағы полковник Исатай Бекқалиевтің сөзін, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Тілеген Арыстанбеков те қолдап, «Ағайын» дүкенінің иесіне ризашылығын білдірді. Округтегі билер кеңесі қараған бірінші істің жұмысына бұлардан басқа Надя Такирова да белсене араласты.

Дәулет ӘЛИЕВ.



Анықтамасыз қызмет — баршаға тиімді

Электрондық үкімет порталында «Анықтамасыз қызмет» — «Paper free» сервисі іске қосылып, азаматтарға тұрғылықты мекенжайы, жылжымайтын мүлкінің бар-жоғы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар, сотты болған-болмаған туралы анықтамаларды алуы, әрі оған үшінші тұлға арқылы қол жеткізу мүмкіндігі туындады.

Жаңа пилоттық жобаға сәйкес SMS хабарлама арқылы қызмет алушының рұқсаты расталған жағдайда үшінші тұлғаларға анықтама беріледі. Бұл сервисі қолдану үшін мобильді азаматтар базасына тіркелу шарт. «Анықтамасыз қызмет» механизміне сәйкес, мүдделі тұлға электрондық үкімет порталында авторизациядан өтуі қажет. Сосын «Үшінші тұлғалардың анықтама алу сервисі» бөлімін таңдап, қай азамат туралы мәлімет алғысы келеді соның жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) жазуы тиіс. Егер азамат мобильді азаматтар базасында тіркелген болса, мүдделі тұлға анықтама түрін таңдап, өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қояды. Сол сәтте портал автоматты түрде азаматқа SMS хабарлама жолдап, үшінші тұлғаға мәлімет беру-бермеу жөнінде шешім қабылдауын сұрайды. Ол екі сағат ішінде жауап беруі қажет. Оңтайлы жауап алғаннан кейін анықтаманы ала алады.

Мобильдік үкіметке тіркелу үшін, пайдаланушы электрондық үкімет порталының «жеке кабинетіндегі», «телефон» сызық жолына телефон нөмірін енгізіп, осылайша, өзін порталдағы m.gov мобильдік қорында тіркеу немесе халыққа қызмет көрсету орталығына жүгініп, телефон нөмірін бекіту керек екенін еске саламыз.

Олжас НҮРКЕНОВ,
аудан әкімі аппаратының
ұйымдастыру-бақылау және персоналды
басқарудың бірыңғай қызметі
бөлімі басшысы.

Бүгінгі күннің тақырыбы

Мектеп формасы оқушылардың жай ғана киімі емес, ол сол елдің мәдениеті мен дәстүрін де айшықтайтын көрініс. Сондықтан да оның әлемдегі елдердің әрқайсысында әртүрлі болуы заңды. Мәселен, Малайзия елінде мектеп формасы мұсылмандық үлгіде болса, қытайлықтар спорттық үлгідегіні таңдапты, ал, АҚШ-та оқушылар еркін киінеді. Бізде ше? Бізде классикалық бағыт қолданылады.

Мектеп формасының бағасы қолжетімді ме?



Міне, жаңа оқу жылының басталуына да аз ғана уақыт қалды. Мектеп жасындағы балалары бар ата-ананың «бас ауруы» – перзенттерін осы кезеңге дайындау. Яғни, қажеттісін алып беріп, оның алаңсыз білім алуына жағдай жасау. Осы іс қалай жүріп жатыр? Жалпы, бүгінде ғаламтор тек жедел ақпаратқа ғана жол ашып қойған жоқ, ол тұрғындарымызға кең мүмкіндік беруде. Қазір қажетті тауарынды дүкен сөрелерінен ғана емес, әлеуметтік желілерден де, ондағы түрлі интернет-дүкендерден тапсырыс беріп, Қазақстан былай тұрсын, сонау Қытайдан да алдыртуға болады. Әрине, әркім өзінше қамданады. Біз бір оқушыны мектепке даярлауға қанша қаражат жұмсалатынын білмек ниетпен дүкен сөрелерін аралап, ғаламторға бас сұғып, ата-аналардың да пікірін білдік.

Көпке танымал «Алиэкспресс» халықаралық интернет-дүкеннен біздің мектеп формасы үлгісіндегі дайын өнімді таба алмадық. Алайда, біздікіне біртабан ұқсас келетіндердің бағасы жас мөлшеріне қарай 4000-нан 14500 теңге көлемінде екен. Аяқ киімнің арзандауы 2400 теңге болса, таза былғарыдан тігілгендері 20000 теңгені құрайды, тіпті, одан да қымбаттары бар. Бұл тек күнделікті киімнің құны. Және тек бір-бір данадан ғана. Оның сыртында спорттық киімі тағы да бар емес пе?

Олардың құнына да көз жүгіртелік. Ең төменгісі 4500, қымбаты 15000 теңге шамасында. Спорттық аяқ киім де мектеп оқушысына қажетті дүниелердің бірі. Оның бағасы 4500-ден жоғары.

Аудан орталығындағы дүкендердегі баға да осылармен қарайлас. Мәселен, жасөспірім ер бала формасының орташа бағасы 12500 теңге, жейдесі 4500, аяқ киімі 5000, спорттық киімі 8000, спорттық аяқ киімі 5000 шамасында. Қыздар жейдесінің құны 4500, белдемшесі де сол шама, негізінен ата-аналардың келісімімен белдемше де, кеудешесі де Орал қаласындағы «Спецодежда» дүкенінен алынады. Ал, ондағы баға екеуіне 15000 теңге төңірегінде. Спорттық киімдердің бағасы ұл балалардікіндей. Бұл қажетті ұсақ-түйектерін санамағанда. Оның сыртында әлі сатылымға шыға қоймаған жемпірлері де бар. Сапалысын алғың келсе, бағасы да қымбаттайды. Бұл жөнінде ата-аналардың да пікірін білейік деген ниетпен оларды сөзге тартқанбыз.

Жанаргүл Қазиева, Сайқын ауылының тұрғыны:

– Мектеп жасындағы ұл-қызыма жылда мектеп формасын, оқу-құралдарының барлығын Орал қаласынан алып беремін. Биылғы жорықта әр балаға 50000 теңгеден жоспарлап едім, қаражатым жетіп жығылды. Ойлап қарасаңыз, киім былай тұрсын, оқу-құралдарының

өзіне сөмкені қоспағанда, 10-12 мың теңге шамасында ақша кетті. Ауылдан неге алмайсыз дейсіз ғой? Оқу құралдарындағы қажетті карталар мен сызбалардың бірі болса, бірі болмайды. Қалаға тапсырыс беру қажет болады. Ауылымыз шағын болған соң да шығар, мұнда киімдердің таңдауы шектеулі, қайсыбірінің сапасы сын көтермейді. Мектеп формасы балалардың жыл бойына киетін киімі болғандықтан, жайлы да, талапқа сай болғанын қалаймыз.

Баян Каимова, Бөрлі ауылының тұрғыны:

– Өзім жұмыссызбын. Еңбектен қашып жүргенім жоқ, тек табыс көзі болмауда. Жолдасым Жарастың 30 мың теңгеге жетер-жетпес айлығына жеті жан телміріп отырмыз. Тұңғыш ұлымыздың Орал қаласындағы колледжде оқып жатырғаны тағы бар. Одан басқа 4 перзентіміз ауылдағы М.Бегалиева атындағы орта мектепте білім алуда. Жаңа оқу жылына ойдағы-ша дайындауға отбасылық табыстың мардымсыздығы қол байлау екені айтпаса да түсінікті. Осындайда тума-туыс өз алдына, Алтай Қитанов, Тимур Қабдірахимов сынды ауылдың азаматтары мен билік басындағылар, мейірімді жандар көмек қолын созып, балапандарыма барын ұсынады. «Мектепке жол» акциясы аясында да спорттық киімдер мен аяқ киім, оқу-құралдарын, т.б. беріліп жатады. Сөйтіп, елдің көмегімен жыртығымызды жамап, тесігімізді бүтіндеудеміз. Айта кету керек, біздей аз қамтылған, көп балалы отбасыға мемлекеттен көрсетілетін барлық жеңілдіктерді пайдаланудамыз.

Тілші түйіні: Иә, сайып келгенде бәрі де отбасының әлеуметтік жағдайына келіп тіреледі. Мектеп формасы оқушылардың бір-бірінің әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігін болдырмау үшін енгізілгенін басшылыққа алып, Ата Заңымыздың 27-бабының 2-тармағында көрсетілгендей әр ата-ана балаларына қамқорлық жасап, оқытып, тәрбиелеу міндеті екенін ескерейік. Балалардың білім алудан шет қалмауына ел болып ат салысайық.

Раушан БАҚЫТОВА.

Білім саласында

Басшылар біліктілігін жетілдірді

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру, менеджменттегі жаңа технологиялармен таныстыру мақсатында биылғы жазда облыстық білім басқармасы мектеп басшыларына арнап үш күндік «Өсу векторы» атты жазғы демалыс лагерін ұйымдастырды. Оған ауданымыздан М.С.Бабажанов пен Б.Жәнекешев атындағы орта мектеп директорлары қатысып қайтты.

Лагерьде өткізілген «EDTECH-KZ» халықаралық білім беру орталығының бас директоры, психолог Ғани Бейсенбаевтың «Педагогикалық полилог» тақырыбындағы сұхбаттасу алаңы, «USTAZ» кәсіби білім беру орталығының бас директоры Өлімжан Игенбаевтың «Педагог танымы», осы орталықтың академиялық директоры Нұрлан Иманғалиевтің «Білім берудегі сандық сауаттылық» тақырыбындағы шеберлік сағаттарынан маңызды ақпараттарға қанық болдық. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаментінің сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Біржан Хайроллиннің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын қалыптастыру», «Жайық Пресс» ЖШС ақпарат орталығының жетекшісі Нұрлыбек Рахмановтың «Әлеуметтік желідегі мұғалім мәдениеті» тақырыбындағы пікірталаста да қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, «Математика оқулығы», «Сабақ жоспары», «Қашықтық курстар» атты инновациялық жобалармен танысып, мектеп басшылары бір-бірімен іс-тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік алды. Аталмыш шара аясында дебат және стендап жобалары да өте қызықты өтті. Біздің аудан атынан стендап жобасына қатысқан Жұбан Ғұмаровтың жаңартылған білім мазмұнына қатысты әзірлеген әзілдер топтамасы III орынға лайық деп танылды.

Лагерьдегі жарқын кездесулер қатарында қазақтың ақын қыздары Ақшүтап Бақтыгереева мен Шолпан Қыдырғиязова апаларымызбен болғанын айтар едім. Сөз зергерлері қоғамдағы бала тәрбиесі, отбасы құндылығын арттыру және өзге де өзекті мәселелерге тоқталып, сүбелі ойларымен бөлісті, өлең-жырларын оқыды. Лагерьдің жабылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ғабидолла Оспанқұлов келіп, оздырылған шаралардың маңыздылығына тоқталды. «Заманауи білім кеңістігінде әр ұстаздың кәсіби біліктілігін тереңдетіп отыру қажет», - деді.

Табиғат аясында өткізілген үш күндік жазғы лагерь ұмытылмастай естелік сыйлап, балалық шаққа саяхат жасауымызға септік етті. Облыстық білім басқармасының басшысы Шолпан Қыдырова мұндай шаралардың алдағы уақытта да жалғасатынын мәлімдеді.

**Мәншүк МҰҚАМЖАРОВА,
Ш.Жексенбаев атындағы орта
мектеп-бөбекжай кешенінің директоры.**

Ауыл тынысы

Жастар орталығы есеп берді



Жастар ресурстық орталығының кеңесші-маманы Н.Өтеғалиев пен мәдениет үйі қызметкерлері дүниежүзілік жастар күніне орай ауыл жастары мен студенттердің басын қосып, дөңгелек үстел өткізді.

Онда кеңесші-маман Нұрбол Ерболатұлы жиналғандарды мерекемен құттықтай келе, атқарылған жұмыстардың сегіз айлық есебін баяндады. «Салтанат» бөбекжайының тәрбиешісі Б.Мұсағалиева, мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ж.Бисекеев, кітапхана меңгерушісі Л.Сембиева, ауыл әкімі аппаратының жетекші маманы С.Мұхамбетовалар сөз алып, туған мекендерін көркейту жөніндегі өз ойларымен бөлісті. «Жаңа мәдениет үйі бой көтерсе», «жастар саябағы ашылса» сынды арман-тілектерін жеткізді. Сондай-ақ, «Болашаққа сеніммен» деген ұранмен әр айдың сенбісінде жалғызділікті қарияларға жәрдемдесу, саябақтар мен зираттарды тазалау туралы шешім қабылдады. Кейін ұлттық ойындар оздырылып, А.Нәрегеев, Б.Машанова, Г.Әлесова, Н.Дәулеткерейқызы, Е.Рахимовтар үздіктер сапынан көрінді. Мерекелік шара «Жастардың әндері мен әзілдері» атты концертпен түйінделіп, мағыналы да қызықты бағдарламамен айықталды.

**Екатерина МӨКЕШЕВА,
Бисен ауылдық мәдениет үйінің директоры.**



Жолдау сілтеген жол

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына биылғы Жолдауындағы жетінші басымдық «Адами капитал – жаңғыру негізі» екені көрсетілген. Сонымен қатар, Президент 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу, орта білім саласында жаңартылған білім мазмұнына 2021 жылға дейін көшуді аяқтау, оқушылар жүктемесін азайту, үш тілді еркін меңгеру, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту қажеттіліктерін де саралап берді.

Адами капитал ел экономикасын қалыптастырудың маңызды бағыты. XIX-XX ғасырларда дамыған елдер адами капиталға 20-30 пайыз шамасында инвестиция салған болса, бүгінгі XXI ғасырдың басында ол 80 пайызға жетті. Осы ретте, біздің білім беру саласы да жаңартылған білім мазмұны бойынша жаңа арнаға бет бұрды. 2000 жылдан бері әлемнің көптеген елдері оқушылардың білімін емес, функционалдық сауаттылығын бағалай бастады.

15 жастағы білім алушыларды бағалау бойынша өткізілген PISA халықаралық зерттеуіне 2012 жылы Б.Жәнекешев, 2015 жылы А.Құсайынов атындағы орта мектептердің оқушылары қатысты. Қазақстанда алғаш өткізілген ICILS компьютерлік сауаттылық зерттеуіне биыл М.Бегалиева атындағы орта мектеп шәкірттері облыстағы 5 білім ошағы оқушыларымен бірге білімдерін сынады. Бұндай зерттеулердің орташа нәтижесі келесі циклде 5 ұпайға артса, жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1,5%, елдің еңбек



өнімділігі 2,5% өсетіні дәлелденген. Міне, осындай маңызды факторды айқындауға үлес қосқан мектептерге, білім алушыларға біз өз алғысымызды жеткіземіз.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Бала дамуындағы мектепке дейінгі кезеңнің маңыздылығы – балғынның білім алуға дайындығының негізін қалайды. Әлемдегі 40 елдің білім беру жүйесінде мектепке дейінгі білім беру деңгейі міндетті болып табылады. 2014 жылы БҰҰДБ Адами даму индексінің «Білім беру» субъективті факторын «Жалпы мектепке дейінгі біліммен қамту» коэффициентімен толықтырды. Бұл мектепке дейінгі білім берудің саяси маңыздылығын аяқтайды.

Ауданымызда бүгінгі таңда мектепке дейінгі 16 білім нысаны қызмет жасауда. 2017-2018 оқу жылында 4 ясли-бақша, 3 мектеп-ясли-бақша кешені және мектептер жанындағы 9 шағын орталықта 955 бала тәрбиеленіп, 1-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді қамту үлесі 82% құраса, былтыр ол

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері»

Аудандық білім беру бөлімінің басшысы Е.Жәнекешев 21 тамыз кеңесіне арнап



небәрі 74,5% еді. 3-6 жас аралығындағылардың қамтылу үлесі – 100%. Әрбір ата-ана өз баласының ерте дамуын қамтамасыз еткізгісі келеді. Қазіргі кезде бұл үшін білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі даярлық топтары жұмыс жасауда. Ал, 2019 жылдан бастап мектептерге нөлінші сынып енгізілетін болады. Яғни, 6 жастағы бала мектеп алды даярлық тобы емес, міндетті нөлінші сыныпқа қабылданады және «Өліппе» пәні осы сыныптан басталып оқытылады.

Республика бойынша 2020 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдардағы мамандандырылған жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар педагогтардың үлесін 50%-ға дейін арттыру жоспарланса, қазірдің өзінде ауданымызда бұл көрсеткіш 68%-ға жетіп отыр. Педагогтардың біліктілігін пысықтау, озат тәжірибені тарату мақсатында 2 жылға арналған «Балабақша – әдептілік бастауы» атты мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби шеберханасы биылдан бастап жұмыстануда. Жалпы ауданымыздағы балабақшаларда орынтапшылық сезілмегенімен, Бөрлі ауылындағы «Балдәурен» ясли-бақшасының сыйымдылығын кеңейту мақсатында жаңа ғимаратқа көшіру жұмыстары қолға алынууда. Сонымен бірге біз коррупциялық құрамдаушыны болдырмау, яғни, сыбайластыққа жол бермес үшін балабақшаларға өтініш беру мен кезекке қою жүйесін автоматтандыруды қарастырамыз.

Орта білім

Еліміздегі орта білім берудің негізгі мақсаты «сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» болып табылады. Қазіргі кезде ауданымызда 9 орта, 9 бастауыш, барлығы 18 мектеп бар.

2017-2018 оқу жылында 2443 оқушы білім алды. 158 түлектің 7-еуі «Алтын белгіге», 8-і «Үздік аттестатқа» ие болды. 104 түлек ҰБТ тапсырып, оның 45-і еліміздегі жоғары оқу орындарының мемлекеттік гранттарын иеленді.

2018-2019 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8-сыныптар оқыса, 4, 9, 10, 11-сыныптар 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламаларымен білім алмақ.

Барлық оқушылар бес күндік оқу аптасымен білім алады. Елбасының тапсырмасына сай биылғы оқу жылынан бастап оқушылардың жүктемесі (үй тапсырмасы) азайтылады. Оқушыларымыздың оқу жүктемесі шын мәнінде әлем бойынша ең жоғарғылардың бірі болып отырғанын талдау көрсетті. Егер ТМД елдері мектептерінің апталық оқу жүктемесін салыстырар болсақ, 2-3 сағат айырмашылық байқалса, әлемнің ең дамыған елдерінен айырма айтарлықтай. Мысалы, барлық орта білім беру деңгейі бойынша аптасына жалпы сағат саны Франция мен АҚШ-та 84 сағат болса, елімізде ол – 100 сағатты құрайды. Жүктеменің азаюы 1, 2-сыныптарда аптасына екі, 3, 4-сыныптарда үш сағат болмақ.

Сайқын ауылынан тысқары жерде тұратын оқушылардың білім алуына жайлы жағдай туғызу мақсатында М.Мәметова атындағы орта мектеп жанынан сыйымдылығы 70 балалық жатақхананың (құны 322 млн. теңге, мердігер «АльфаСтройСервис» ЖШС-і) құрылысы аяқталу қарсаңында.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы

«Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкінг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек» деген Елбасы тапсырмасына орай, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жұмыс

жасауда. Осы ретте, барлық орта мектептерге АСТЕЛ спутниктік желісі орнатылғандығын да айта кетелік.

Аудан орталығындағы екі мектепте 2018 жылдың сәуірінен бастап электронды журналдар жүргізілуде. Сол себепті де оларға құны 6 млн. теңге тұратын 20 компьютерге қаржы бөлінді. Қазан айында М-С.Бабажанов атындағы орта мектепте IT сыныбы ашылмақ. Оған 3319 мың теңгенің компьютерлік құрылғылары, жиһаздары алынууда. Сонымен қатар STEM академиясының екі педагогы роботтық техника, программалау, 3D модельдеу онлайн курстарын жыл бойы өткізбек. Осы мақсатта 900 мың теңге қарастырылды.

2018 жылы нысаналы трансфертен аудан мектептерін «BilimLand» – білім беру платформасының қызметтерімен онлайн режимінде қамту үшін 3420 мың теңге бөлінді. Жоғарыда көрсетілген платформа мүмкіндіктерін пайдалануға қажетті деңгейдегі интернет жылдамдығы жетіспегендіктен көрсетілген қаржы шеңберінде 9 орта, 2 бастауыш, барлығы 11 мектеп офлайн режиміндегі платформа құрылғыларымен қамтылды. Шағын жинақты мектептердің қызметін арттыру, сапалы білімге қол жеткізу мақсатында 28 «BilimBook» планшеттік құрылғы алынууда. Олар қыркүйек айының соңына дейін 9 бастауыш, 2 орта мектепке жеткізілетін болады.

Үштілділікті енгізу

Елбасымыз айтпақшы, қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Ауданымыздағы химия, биология, информатика, физика пәндері мұғалімдерінің бірқатары өздерінің тілдік білімдерін жетілдіріп, қазіргі уақытта 3 педагогтың С1, 2-еуінің В2, 5-еуінің В1 деңгейлі білімдері бар.

Үштілділікке көшудің жол картасы да жасақталып, оған биылғы оқу жылынан көшетін боламыз. Мәселен, Қ.Сағырбаев пен А.Құсайынов атындағы орта мектептерде биология, Т.Масин атындағы орта мектепте химия және Жәңгір хан атындағы орта мектепте информатика пәндері

қос тілді кітап арқылы оқытылмақ. Ағылшын тіліндегі сабақтар 2019-2020 оқу жылында Б.Жәнекешев пен М.Бегалиева, 2020-2021 оқу жылында Ш.Жексенбаев, М.Мәметова, М-С.Бабажанов атындағы орта мектептерде жүргізілмек.

Педагог кадрлармен жұмыс

Ауданымыздағы 505 педагогтың 75-і жоғары, 173-і бірінші, 135-і екінші санаттылар, 122-сі санатсыз. 2018 жылдың мамыр-шілде айларында пән мұғалімдері жаңа форматтағы аттестациядан өтті. Нәтижесінде 18 мұғалім «педагог-зерттеуші», 11-і «педагог-сарапшы», 20-сы «педагог-модератор» атанды. Қыркүйек айынан бастап оларға 30-45 пайыз аралығындағы үстемеақы төленеді. Жыл басынан жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ беретін барлық педагогтардың еңбекақылары 30%-ға артты. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жыл сайын жас мамандарға көтермеақы, баспана алуға несие беріліп келеді. 2018-2019 оқу жылында да ауданымызға 8 жас маман келгені отыр.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша аудан педагогтары біліктіліктерін жоспарға сәйкес арттыруда. Қазіргі таңда 298 педагог өз білімдерін жетілдірсе, келесі оқу жылында қалғандары түгел қамтылады деп күтілуде. Курстардың оқу жылы уақытында ұйымдастырылуы қаржылық шығындарға әкеліп, кейбір қиындықтар туындағаны да рас. Дегенмен, келесі оқу жылында да педагогтардың біліктілігін арттыру жалғаса бермек. Озат тәжірибелерді таратуға назар аударылып, тақырыптық семинарлар, байқаулар оздырылуда. Бастауыш мектеп педагогтарына арналған «Білім бастауы – бастауыш» атты кешенді әдістемелік



«СІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ»

Оржан Иманбаевтың сала қызметкерлерінің алған баяндамасы

десант жұмыс жасап келеді. Өткен оқу жылында 9 педагогтың озат тәжірибесі облыс көлеміне таратылды. М.С.Бабажанов, Б.Жәнекешев, Ш.Жексенбаев атындағы орта мектептерде «жетекші мектеп» қызметі ұйымдастырылып, педагогикалық шеберлік ортасы қалыптасты.

«Самұрық Қазына Траст» ұлттық қорының демеушілігімен өткен «Биіктерге бірге» үздік спорттық жоба байқауында М.Мәметова атындағы орта мектеп жеңімпаздар қатарынан көрініп, 46 аталымнан тұратын спорттық құралдарды иеленді. Ұстаздарымыз да әртүрлі байқауларға қатысып жүлделі орындардан көрінуде. 30 наурыз – 13 сәуір аралығында өткен «Мектеп музей: жаңа мүмкіндіктер» байқауында мәметовалықтар және жетекші А.Ғұмарова жүлделі 2 орыннан көрінді. 28-29 қараша күндері Алматы қаласында өткен «SMART-педагог Өрлеу: кәсіби табысқа апарар жол» тақырыбындағы республикалық байқауға жеңгірхандық бастауыш сынып мұғалімі А.Аксенова қатысты. 30 үміткердің арасынан ҚР Білім және ғылым министрлігі мақұлдаған 5 жобасының ішінде Альфия Ринатқызының Microsoft программасын экологиялық бағытта қолдану жобасы да бар. Ш.Жексенбаев атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы А.Сәлменова «Жылдың әлеуметтік педагогы» облыстық байқауында жүлделі 1 орынды жеңіп алғанын да айта кетелік. Ұстаздар күніне орай оздырылған облыстық шарада бисендік Сабыровтар «Ұстаздар отбасы», жексенбаевтық мұғалім А.Мендіғалиев «Жалынды жас маман», мәметовалық Ф.Әбікенова «Жыл ұстазы» аталымымен марапатталды.



«Дарынды ұрпақ – жасампаз болашақ»

Оқушылардың жетістігі қашанда ұстазы үшін үлкен мақтаныш. 2017-2018 оқу жылында біздің балғындар үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Жыл қорытындысында аудан әкімі Нұрлан Рахымжанов білім, техника, өнер, спорт салаларында жетістіктері бар 60 шәкіртті қабылдады. Олардың арасында мәметовалықтар «Ғарыштық зерттеулер» халықаралық ғылыми байқауында III орынды иеленіп, вице-министрдің дипломымен марапатталған Дастан Сатуов пен оқушылардың республикалық пән олимпиадасына қатысып, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының арнайы грамотасымен мадақталған Римма Шәкіржанова да бар.

Рухани жаңғыру

Туған жерге деген сүйіспеншілік – бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Ауданымызда «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Өлкетану», «Отаным – тағдырым», «Саналы Азамат» тақырыптарындағы 3 базалық бағыт бойынша 16 жоба іске асырылуда. Әр жоба бойынша жетекшілер мен менеджерлер тағайындалып, 2017-2022 жылдарға арналған паспорттарына сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

«Өлкетану» базалық бағытының «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі және әдебиеті», «География» пәндерін қамтитын «Алтын адам» жобасы аясында сабақты мектептен тыс жерлерде, яғни, мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда өткізуге әр сыныпқа 5 сағат бөлінді. Тек желтоқсан айының өзінде аудан мектептерінде 7 сабақ бейнебаян арқылы, 11-і тарихи ескерткіштерге экскурсия жасау түрінде, 14-і мұражайларда оздырылса, 2018 жылдың қаңтар айында сондай өзге форматтағы 25, ақпанда 36, наурызда 31, сәуірде 36, мамырда 45, барлығы 173 сабақ өтті. Сонымен қатар, осы жоба шеңберінде өткен «Үздік мектеп мұражайы»

аудандық байқауының жеңімпазы болған М.Мәметова атындағы орта мектептің музейі облыстық кезеңде жүлделі II орынды қанжығасына байлады. Сонымен қоса облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің ұсынымдарына сәйкес мектептерде қоңырау кезінде күй ойнатылып, олардың шығу тарихы, ұлттық болмысымыздағы рөлі хақында таныстырылымдар жүргізілуде.

«Менің Отаным – Қазақстан» жобасы аясында өткізілген 476 сабақ аудан оқушыларының таным көкжиегін кеңейтсе, 9 орта білім беретін мектептің 14 сыныбында аптасына 1 рет өтетін (34 сағат) «Менің кіші – Отаным» факультативі биыл да өз жалғасын таппақ. Былтыр аудан мектептері мен колледж шәкірттері арасында «Кіші Алтын күз» туриадасы және оқушылардың Сайқын – Сейтәлі – Ащыөзек – Сейтәлі – Сайқын маршруты бойынша бір күндік веложорығы ұйымдастырылды. Үстіміздегі жылдың сәуір айында туристік экспедициялық жасақтардың «Бөкей ордасы – тұңғыштар мекені» аудандық слеті өтті. Ауа райының аптап ыстығына байланысты «Туған өлкенің қасиетті жерлері» жазғы экспедициялары кейінге шегерілді. 25 оқушымыз киелі Түркістан қаласына 3 күндік экскурсияға барып қайтты.

«Тарих мұрасы» жобасы аясында да біркелкі істер атқарылып, ғалым М.С.Бабажановтың 150 жылдығына орай тарихшылар слеті өтті, оған ауылдың көнекөздері, мұражай кешенінің қызметкерлері, педагогтар пен оқушылар, жалпы 400-ге жуық адам қатысты. Сонымен қоса мамыр айында «Бөкей ордасы – тұңғыштар мекені» бейнероликтер байқауы оздырылды.

«Табиғат бесігі» жобасы шеңберінде сәуір айында «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің форумы ұйымдастырылды.

«Отаным – тағдырым» базалық бағытының «Дарынды ұрпақ – ел болашағы» жобасы бойынша «Бала би» шешендік өнер және дебат турнирі 15 наурызда өтсе, «Менің бастамам – менің Отаным үшін» шығармашылық жобалар байқауы қыркүйек-қазан айларына жоспарланып отыр.

«Национальная программа развития детско-юношеского движения и общественных организаций» жобасы



аясында «Айбын» әскери-патриоттық ойыны өтіп, енді «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанаты, «Жас сұңқар» жас полиция топтарының байқауын ұйымдастыру жоспарлануда.

«Сөз – тілдің көркі» жобасы бойынша «Ер жігіттер ел бағына туады (Нарынның нар ұлдары)» тақырыбындағы шығармалар байқауы 12 наурызда қорытындыланды. Ал, желтоқсан айында «Тәуелсіз Қазақстан!» мәнерлеп оқу сайысын өткізбекпіз.

«Ұстаз – өзгерістер елшісі» жобасы негізінде облыстық «Үздік педагогикалық династия» байқауына ауданымыздан қатысқан Жахатовтар отбасы «Үздік педагогикалық жанұя» номинациясына ие болып, «Ақжайық» шипажайында демалды. Ардагер ұстаздарға құрмет көрсетіліп, мереке қарсаңында «Жаңа жылдық құттықтаулар» акциясы оздырылса, келешекте ол «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты салтанатты шарамен жалғаспақ.

«Саналы Азамат» базалық бағытының «Ұлы өнертапқышқа алғашқы қадам» жобасы бойынша «Ғылым әлемін ашамыз» аудандық ғарыш байқауы, робототехникадан «KazRoboSport – 2017» аудандық ашық чемпионат жеңімпаздары облыстық кезеңде де жүлделі орындардан көрінді. «Отбасы әлемі» негізінде «Әкелер форумы» жүзеге асты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір жылдығына орай «Алтын қазына» жобасы шеңберінде Хан ордасы ауы-

лында ұйымдастырылған «Бабалар мұрасы – асыл қазына» аудандық этнофестиваль де өз мақсатына жетті.

Оқулықтармен қамту

2018-2019 оқу жылына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алуға 116 млн. 713 мың теңге бөлінді. Оның 49 млн. 765 мыңы жергілікті, 65 млн. 829 мыңы облыстық бюджеттен. Ішінде 1 млн. 119 мың теңгені құрайтын көліктік қызмет көрсетулер ақысы да бар. Биыл оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұнына 3, 6, 8-сыныптар көшеді. Аталмыш сыныптарға жаңа оқулықтар, мектепалды даярлық тобы және 1-сыныпқа дәптерлер, үштілділік (жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша) оқулықтар (әдістемелік, дидактикалық) келеді. Сонымен қатар мектептерге көркем әдебиеттер де берілетін болады.

Ыстық тамақ

Оқушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін 2018-2019 оқу жылына 92 млн. 207 мың теңге бөлінді. Тамақ мәзірі аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының келісімімен 2 аптада бір жасалынады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №717 бұйрығына сай, аудандағы 2435 оқушының 1956-сына (80,3%) ыстық тамақ беріледі. 1-4-сынып оқушылары және аз қамтылған отбасы балалары түгел қамтылуда.

Инклюзивті білім беру

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында инклю-

зивті білім берудің жүйесін жетілдіру қарастырылған. Осыған орай, Б.Жәнекешев атындағы орта мектеп базасында 1 ТДО (түзете дамыта оқыту) ортаңғы буын сыныбы (5-8 сыныптар аралығы, 6 оқушы), Б.Жәнекешев және М.С.Бабажанов атындағы орта мектептерде 2 логопедиялық бөлімше (23 бала) ұйымдастырылды. М.С.Бабажанов, Жәңгір хан, Б.Жәнекешев, Ш.Жексенбаев атындағы орта мектептерде 4 дефектолог, «Ер Төстік» ясли-бақшасындағы инклюзивті білім беру кабинетінде 0,5 ставкамен дефектолог және логопед маманы қызмет етуде. Облыстық ПМПК мамандарының ұсынысы бойынша М.С.Бабажанов, Жәңгір хан атындағы мектептердің бастауыш сыныптарына түзете дамыта оқыту сыныбын ашу жоспарлануда.

Жазғы демалыс

2018 жылдың жазғы сауықтыру демалысына 5 млн теңге бөлінді. «Арай туристік-сауықтыру лагеріне және Хан ордасы ауылындағы «Болашақ» лагеріне құны 716800 теңге тұратын қаңқалы-модульдік бассейні алынып берілді. Жетім және аз қамтылған отбасының 50 баласы Түркістан және Астана қалаларының тарихи жерлеріне саяхаттады. Ресей елінің Волгоград қаласына 67 оқушы барса, биылғы оқу жылында Италия еліндегі Чезенатико қаласындағы лагерьде 2, Көкшетау қаласындағы «Бұрабай-Курортына» 6 оқушымыз демалды.



Туған өлке тарихынан

(Соңы. Басы өткен санда).

Жаңа мектепті салу да, оны оқушылармен толтыру да үлкен қиындықтармен жүзеге асты. Себебі, мектеп халықтан жинаған қаражатқа салынды және ақсүйектер өз балаларын мектепке бергісі келмеді.

Нәтижесінде 1841 жылы мектеп ашылғанда небәрі 12 оқушы қабылданды. Тек Жәңгір ханның орасан зор еңбегінің арқасында 50-ші жылдардың ортасында мектепте 30 шақты бала оқыды, оқуға тілек білдірушілердің саны күннен күнге көбейе берді. Бастапқы кезде мектепті хан өз қаражатына ұстады. Хандық билік жойылғаннан кейін мектеп халықтан жиналған салықтың арқасында өмір сүрді. Мектептегі білім беру жүйесі өте тиянақты ұйымдастырылды. Сабақ қазан айында басталып, мамыр айына дейін жүрді. Мектепте араб, орыс, татар тілдері, арифметика мен грамматиканың бастапқы ережелері, география, тарих және шешекке қарсы егу сабақтары жүргізілді. Оқушылардан ата-аналарының қатысуымен емтихан қабылданды. Емтихандарға ханның өзі де қатынасатын болды. Мектептің алғашқы мұғалімі әрі мал дәрігері Константин Ольдекоп орыс тілі, арифметика, географиядан сабақ берді. Сонымен қатар ол оқушылардың тәртібі мен жүріс-тұрысына жауап берді. Шығыс тілдері мен дінтанудан Садриддин Аминов дәріс жүргізді. Оқу барысында сол кездегі ең жаңа оқулықтар пайдаланылды. Олар: Востоковтың «Краткая русская грамматикасы», Бурнаковскийдің «Арифметикасы», Шульгиннің екі томдық «Географиясы», Галаховтың «Краткая хрестоматиясы», Устряловтың екі томдық «Русская историясы». Мектепте алған білім Ресейдің арнаулы орта оқу орындары мен кадет корпустарына түсуге мүмкіндік берді.

1866 жылдың 17 қазанында Мемлекеттік Кеңес Бөкей ордасында қазақ балалары үшін 7 алғашқы білім беру мектебін ашуға рұқсат берді. 1868 жылы төмендегідей бірқластық мектептер ашылды:

1. Қалмақ мектебі – Владимировка селосында.
2. Қамыс-Самар мектебі – Новая Казанка селосында.
3. Нарын мектебі – Ұялы көл шатқалында.
4. Таловка мектебі – Таловка селосында (Қазталов).
5. Торғын мектебі – Хан ордасында.
6. I Приморск округіндегі мектеп – Кокорев кордонының маңында.
7. II Приморск округіндегі мектеп – Бакалавск кордонының маңында.

1896 жылы Бөкей ордасында 24 орыс-қазақ мектебі болды. Оның ішінде 2 екіқластық училище, 6 бірқластық ауыл шаруашылық училищесі, 14 старшын мектебі, 2 жекеменшік мектеп, медреселер мен мектептердің жанында 2 орыс класы бар-ды. Оларда 708 оқушы білім алса, 629-ы қазақ, 64-і орыс, 15-і татар, 15-і қыз еді. Оқушылардың 167-сі мемлекет қаражатына, 541-і өз ақшаларымен оқыды. 1885 жылы қосымша 7 старшын мектебі, 1869 жылы тағы да 7 мектеп ашылды. Олар Шоңайда, Қаракөлде, Толыбайда, Сүйінәліде, Күйгенкөлде, Есенбай хуторында және Әбі форпостында орналасты. Бұлардан басқа Ішкі Орданың әрбір бөлімінде бірқластық орыс-қазақ училищелері болды. Ішкі Ордадағы старшын мектептері екіжылдық. Олардың білім беру жүйесі тек қана Ресейден емес, Қазақстанның басқа облыстарынан да өзгеше еді. Ордада үкіметтік мектептердің екі түрі (типi): 6 жылдық оқу мерзімімен екіқластық және 4 жылдық оқу мерзімімен бірқластық учаскелік орыс-қазақ мектептері. Оқу жылының аяғында оқушылар емтихан тапсырды. Мектептердің негізгі мақсаты оқушыларға орыс тілін үйрету болды.

XX ғасырдың басына дейін Хан ордасында және Большое Ганюшино да екіқластық орыс-қазақ ер балалар училищесі, 7 участктің және 1 Ордадағы қыз балалардың бірқластық училищесі, 14



Бөкей ордасындағы алғашқы мектептер

старшын, 2 ауылдық мектеп және мектептер мен медреселер жанынан 3 орыс тілі кластары ашылды. Сөйтіп, Ішкі Орданың 300 мыңдай тұрғынына 29 оқу орны болды, олардың жағдайы өте нашар-ды.

Оқу орындарының ішіндегі ең жоғарысы – Хан ордасындағы училище. Ол төменгі буындағы қазақ оқу орындары үшін педагогтық кадрлар даярланды. Оқу орындарының тағы бір түрі – участқтық бірқластық мектептер екіқластық училищелер сияқты мемлекеттің бюджетіне қарады. Олардың жанындағы интернаттардың жағдайы да сын көтермеді, қазақ балаларына тамаққа күніне 10 тиын бөлінді, мұғалім жанұясымен жылына 12 сом алатын.

Старшын мектептері – ауыл мектептерінің бұл түрін жергілікті қазақ қоғамдары қаржыландырды. 1904 жылы саны 19-ға жетті. Бұл мектептердің тұрақты ғимараты болмады, сондықтан олар көшіп-қонып жүрді. Инспекторлар кейде оларды таба алмай қалатын. Бұған дәлелдің бірі – Көктерек мектебінің оқытушысы Ақбаевтың баяндауы. Ол былай деп жазады: «Көктерек старшын мектебі 1896 жылы Аяқөп шатқалында ашылды. Бір жылдан кейін Жортан шатқалына, келесі жылы Қошқар шатқалына көшірілді. 1900 жылы Ащықұдық шатқалына, 1904 жылы Көктерекке ауыстырылды. Бұндай көшудің басты себебі бір жерде мектепке оқушыларды тарта алмауы еді».

Старшын мектептерінің біреуінің негізін 1904 жылы 3 қарашада инспектор А.А.Воскресенский салған еді. Ол I Приморск округінің 15-ші старшындығындағы Тоқсанарал шатқалында орналасты және старшын үлгілі мектебі деп аталды. Бұл мектепті халық ағарту министрлігі жылына 548 соммен қаржыландырып отырды. Оқу мерзімі 3-4 жыл. Сабақ 9-дан 14-ке дейін және 19-дан 21-ге дейін өткізілді. Оқытылатын негізгі пәндер орыс тілі, арифметика және қол еңбегі. Оқушылар 3-4 жылдың ішінде оқу, жазу, арифметикалық амалдарды және орысша сөйлеуді үйренді. Басқа мектептерге қарағанда онда оқу жылы мерзімінде басталатын.

Старшын мектептерімен қатар Бөкей ордасында 1900 жылдан бастап екі ауылдық мектеп құрылды. Алғашқы кезде олар қыздарға арналып, мемлекет жылына 250 сом қаржы бөлді. Біреуі – Орданың Нарын, екіншісі – Торын бөлігінде болды. Кейін олар аралас мектепке айналды.

Жалпы мектеп ісінің дамуы баяу қарқынмен жүрді. 1904 жылдың аяғына та-

ман Бөкей ордасында екіқластық училищелер саны – 2-ге, бірқластық (учаскелік) – 8, старшындқ – 19, ауылдық – 2, медреселер жанындағы орыс кластары – 3 ке жетті (барлығы – 34).

Егер тарихқа үңілсек, Ішкі Ордада 1868 жылғы әкімшілік және мектеп реформасына дейін Хан ордасында бір ғана орыс-қазақ мектебі жұмыс істеген. Орынбор оқу округінің басшыларының бірі Ростовцев өзінің 1891 жылы 11 қарашада халық ағарту министрлігіне берген хабарында Бөкей ордасында 400 мұсылман медресесі мен мектебі бар екендігін айтады. Бұл жерде ауқатты адамдардың жеке мектептерін де есепке кіргізгені байқалады. «Астраханский вестниктің» дерегіне сүйенсек, 1889 жылдың 1 қаңтарында Бөкей ордасында 60 мектеп болған. 1679 оқушының 1436-сы ер бала, 243-і қыздар. XIX ғасырдың аяғына таман орыс-қазақ мектептерінің көбеюіне байланысты мектептер мен медреселердің және олардың оқушыларының саны азаяды. Сонымен бірге орыс тілін меңгеру үшін мұсылман мектептері мен медреселерінің жанынан орыс кластары ашылады. 1896 жылы Новая Казанка медресесінің жанынан ашылған орыс класында 32, Хан ордасындағы мектептің орыс класында 84 оқушы оқыпты.

Орыс тіліндегі мектептердің санының өсуі мұсылман дінбасыларының наразылығын туғызды. Тіпті, сұлтандар мен билердің арасында да үкіметке және орыстардың ықпалының күшеюіне қарсы үгіт-насихат жұмыстары өрістеді. Бұл жағдай патша әкімшілігінің қобалжуын туғызды. А.Н.Харузин бұл шаралар қазақтарды «орыстандыруға» бөгет болуда деп жазды.

Мектеп инспекторлары өздерінің жазбаларында татар молдаларының қазақтар арасында мұсылман дінінің қағидаларын уағыздайтынын, мектептерде орыс тілінің орнына мұсылмандық фанатизм оқытатыны туралы бірнеше рет дәлелдемелер келтіреді. Ол кезде Бөкей ордасы оқу ісін ұйымдастыру жөнінде Қазан округіне қарайтын. 1887 жылы қазақ мектептерін тексеруге инспектор А.Е.Алекторов жіберіледі. Ол өзінің жазбасында татар мұғалімдерінің қазақ балаларын мемлекетіміздің басты қаласы Стамбул, патшамыз түрік сұлтаны деп оқытатыны жөнінде жазады. Патша үкіметі татарларға Бөкей ордасына қоныстануға тыйым салғанына қарамастан, олар сауда жасауға келген болып, Ордада қалып қояды әдетке айналдырады. Қазан оқу ок-

ругі басшыларының бірі В.А.Попов бұған қарсы Бөкей ордасындағы қазақтарды православие дініне тарту керек деген ұсыныс айтады.

Қазақтарды православие шіркеуіне тарту патша үкіметінің негізгі мақсаттарының бірі еді. Қазақтар арасында орыс-қазақ мектептерінің беделін өсіру үшін В.А.Попов мектептерге ислам діні пәнін енгізуді ұсынды. Оның пікірінше, ислам дінінен сабақ енгізу қазақтардың үкіметке деген сенімін нығайтуға тиіс. Бұған Қазан оқытушылар семинариясының директоры Бобровников, Орынбор оқу округінің «Бұратана мектептер» жөніндегі инспекторы В.В.Катаринский Ішкі Орда мектептері жөнінде арнайы материал дайындады. Онда көрсетілгендей, 1890 жылға дейін Хан ордасында 1 мектеп, 3 медресе болған, оларда 110 оқушы оқыған (12-сі қазақ). Инспекторлары татарлар болған. Патша үкіметі халықтың наразылығын туғызбау үшін оларды біртіндеп жауып, орнына орыс-қазақ мектептерін ашып отырды. 1892 жылы ең соңғы мұсылман мектебін жауып, орнына орыс класы ашылды. Бұл мектепте тек қана татар балалары оқитын. Қазақ балалары негізінен интернаттары бар орыс-қазақ мектептеріне барды. Олар айына 4 сом төлеуге тиіс болды.

Қазақ балаларын оқыту және оларға татарлардың ықпалы мәселесін халық ағарту министрі Делянов 1895 жылдың 25 наурызында ішкі істер министрінің алдына қояды. Ішкі істер министрі Ордада татарларға қоныстануға рұқсат жоқ екендігін алға тартып, мәселені қорқынышсыз деп есептейді. Ордада орыс-қазақ мектептерін көбейту ұсынысын қолдайды.

XIX ғасырдың аяғына таман қыздарға арналған оқу орындары да ашыла бастады. 1883 жылы Хан ордасында бірқластық және екіқластық әйелдер училищелері ұйымдастырылды. 1893 жылы Большое Ганюшино селосында да екіқластық училище, 1895 жылы Басқұншақта орыс-қазақ училищесі ашылды. 1895-1896 жылдар аралығында Орданың әрбір жерінде 14 старшын мектебі аяққа тұрды. Бұл, әрине, халықтың білімге деген құмарлығын көрсететін фактор. 1883-1891 жылдар аралығында Ішкі Ордада халық ағарту Министрлігі жүйесіндегі 8 училище де 189 оқушы білім алды. 1898 жылы училищелерде 573 қазақ, 44 орыс, 20 татар оқыды, 33-і қыздар.

**С.СӘРСЕНОВ.
Г.МҰҚАНБЕДИЕВА.**

Мемлекеттік сатып алу

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ШАРАСЫ

ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңының 14 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алуларды бақылау рәсімі, ішкі мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті орган құзыретіндегі ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (бұдан әрі – департамент) жүктеулі. Департамент оны ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңымен және камералдық бақылауды өткізу ережелерімен белгіленген, ҚР Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген тәртіпте жүзеге асырады.

Камералдық бақылау – ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау және салыстырып тексеру негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне бармай комитет және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын бақылаудың өзге нысаны. Бақылаудың өзге формаларынан камералдық бақылаудың негізгі ерекшелігі:

– уақыттылығы, бұзушылықтар – постфактум емес, яғни, шарт жасасқаннан кейін және шарттық міндеттемелердің орындалуы барысында анықталмайды, онлайн режимінде мемлекеттік сатып алуларды жүргізу процесі барысында анықталады;

– бақылау – нысанға бармай-ақ, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жүргізіледі;

– бақылау – сұраныстарды жолдамай-ақ, веб-портал және мемлекеттік органдардың өзгеде ақпараттық ресурстарында орнатылған құжаттар бойынша жүргізіледі;

– процестің толық автоматтандырылуы.

Камералдық бақылаудың негізгі мақсаттары: бұзушылықтардың уақтылы алдын алу және жол болдырмау, мемлекеттік сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелділігін азайту, мемлекеттік сатып алуларды жүргізудің ашықтығы, бәсекелестік ортаны ұлғайту, әкімшілік тосқауылдарды азайту, мемлекеттік сатып алуларға қатысуға тең мүмкіндіктерді ұсыну, мемлекеттік аудит нысанына камералдық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және мемлекеттік аудит нысандарына әкімшілік ауыртпалықтарды азайту.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін департамент мемлекеттік сатып алуларды жүргізу кезінде мынадай бұзушылықтарды анықтау жұмысын жүргізеді:

1) Мемлекеттік сатып алуларға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз қиындататын немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігінен тікелей туындамайтын, әлеуетті өнім бе-

рушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптар белгілеу;

2) Тауарлық белгілерге, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың пайда болған орнының атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ, тұтынылатын тауардың, жұмыстың, жекелеген әлеуетті өнім берушіге көрсетілетін қызметтің тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамаларына нұсқаулықтың мазмұны;

3) Өртектегі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді лоттарға бөлмеу;

4) Заңмен белгіленген қысқа қызмет көрсету, жеткізу мерзімдерін белгілеу;

5) Қайтарып тастаудың толығырақ себебін алдын ала рұқсаттық хаттамаларда көрсетпеу;

6) Қайта беру құқығынсыз негізсіз қайтарып тастау;

7) Қатысушыларды заңсыз қайтарып тастау/жіберу, сондай-ақ, шартты жеңілдіктерді негізсіз қолдану/қолданбау;

8) Бағалық ұсыныстарды сұрату тәсілін заңсыз таңдау және т.б.

Анықталған бұзушылықтар нәтижелері бойынша веб-портал арқылы бақылау нысанына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды он күн ішінде өз бетімен жойған жағдайда лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Сөз жоқ, мемлекеттік сатып алуларды камералдық бақылау нәтижелері бойынша қабылдану шаралары – мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнаманың бұзылуын хабарламаны жариялау сәтінен бастап мемлекеттік сатып алулар туралы келім-шартының жасалуына дейін шегеруге, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікке мүмкіндік туғызуға, ол өз кезегінде бюджеттік қаражаттардың орынды жұмсалыуына және олардың уақтылы игерілуіне жол ашады.

Бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында ішкі мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік сатып алулар әкімшілеріне және ұйымдастырушыларына қолданыстағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасын тұрақты негізде зерттеуге және мемлекеттік сатып алулардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне жауапты тұлғаларды арнайы курстан өткізуге ұсыныс береді.

В.ПАК,
БҚО бойынша
ішкі мемлекеттік
аудит департаменті
басшысының орынбасары.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Бөкей ордасы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны төменде аталған бос қызмет орнына қызметкер қабылдайды

1.«Медбике» – 0,5 бірлік.

Қойылатын талаптар: «Медбике ісі» мамандығы бойынша арнайы орта білімі болуы. Бірнеше үміткер құжат тапсырған жағдайда еңбек өтілі, санатының болуы және кәсіби біліктілігі ескеріледі.

Қажетті құжаттар: Жеке куәлік көшірмесі, іс-парақ, медициналық анықтама, ф-86, 3х4 сурет, білімі туралы құжаттың көшірмесі, мекенжайы туралы анықтама, ҚР бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің анықтамасы (сотталмағандығы жөнінде), еңбек қызметін куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (болған жағдайда).

Құжаттар хабарландыру шыққан күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы қажет. **Сайқын ауылы, Бөкейханов көшесі, 65-үй, телефон нөмері: 8(71140) 21-7-74, 40-0-10, 21-1-62. E-mail: psh_18@mail.ru**

САТЫЛАДЫ

Орал қаласы Жәңгір хан көшесінің бойындағы №71 үйдің үшінші қабатында қатар орналасқан екі бөлмелі қос пәтерді сатамын. Өр пәтерді бөлек сатып алуға да, сондай-ақ, бірге сатып алуға да болады. Үй медколледждің маңында, БҚАТУ-дан (бұрынғы СХИ) бар болғаны екі аялдамалық жерде. Үй өте жылы, үйдің алдында балалар алаңайы, ал, арт жағында спорт қалашығы бар. Айнала тал-терек, жасыл желек, таза ауа керемет жерде орналасқан үйдегі қос пәтерден құр қалып жүрмеңіз! Үйдің жанынан №5, №22 автобустар жүреді. Ал, медколледждің алдынан №2, №5, №22, №36 автобустар жүреді. Қала ішілік қарым-қатынас бойынша ешқандай қиындық жоқ.

Байланыс тел: 8 701 359 30 90, 8 747 134 24 01.

* * *

Зашаған бағбандар қауымдастығынан (Орал медициналық колледжінің арт жағы) жер көлемі 10 сотық мансардалы үй сатамын. Үйдің жалпы аумағы 100 шаршы метр. Үйдің ішкі жұмыстары толық бітпеген, газ, су жүргізу керек. Үйдің айналасы қоршалған, аулада алма, сары өрік (абрикос), қара өрік (слива), шие (вишня) секілді жеміс ағаштары, сондай-ақ, аққайың, сирень, шырша, үйеңкі, көктерек өсіп тұр. Үйдің ауласынан тағы бір үлкен үй (котедж) және шолан, гараж, монша салатындай жер жеткілікті. Бақша салатын жер де баршылық. Моторлы құдық істеп тұр, септик дайын.

Байланыс тел: 8 701 359 30 90, 8 747 134 24 01.

* * *

Орал қаласынан бір бөлмелі пәтер (2/2) және саяжай сатылады. Онда газ, электр жарығы, суы бар. Ауласы 2 соттық. Саяжайдағы үй 2 бөлмелі, аумағы 45м2, газы жүргізілуде. Саяжай аумағы 6 соттық. Орталық суармалы, электр жарығы, бау-бақшасы бар. Телефон: 21-72-50, 8-775-212-51-43.

ЕСКЕ АЛУ

Мұратсай ауылының тұрғыны болған сүйікті қыз, қымбат бауырымыз **Иматова Азиза Биболатқызынан** мәңгіге айырылып қалғанымызға 1 жыл болып қалыпты-ау. Он екіде бір гүлі ашылмаған періштемізді өзегіміз өртеніп сағынышпен еске аламыз. Жатқан жерің мамық, топырағың торқа болсын, құлыңшағым.

Өзегіміз өртеніп, жүрегіміз тулайды, Кеңіліміз әлі сені қара жерге қымайды. Өмір мәңгі, дүние бос боп қалды өзіңсіз, Арамызда жоқтығың жанымызды қинайды.

Сағына еске алушылар: әкесі Биболат, анасы Бағила, бауырлары.



Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор
Рауан СӘБИТОВ

«Жайық Пресс» ЖШС
Бөкей ордасы филиалы
«Орда жұлдызы» Бөкей ордасы
аудандық қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы міндетін
атқарушы Каримолла ҒАЙСИН

Газетті есепке қою туралы №12259-Г куәлікті 2012 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті берген.

Газет БҚО Әділет департаменті, Бөкей ордасы аудандық Әділет басқармасында 09.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу №7-1926-15-ф-л.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090200 Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылы, Ғ.Әзербайев көшесі, 10/1 үй. Телефондар: Редактор: 21-5-30. Тілшілер: 21-8-42 (факс). Біздің электронды поштамыз: too-orda@bk.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептелінеді.

Газет Бөкей ордасы аудандық «Орда жұлдызы» газеті редакциясында компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/6

Газет аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 34 Таралымы: 1660 дана. Корректор: Меңсұлу Сұлтанғалиева.



Құттықтаймыз!

Сайқын ауылының тұрғыны, адал жар, асқар таудай әке, ардақты ата **Сағынәлі Ықсановты** мерейлі 80 жасқа толуымен құттықтаймыз! Тілегімізді тілеген әулетіміздің киесі, шаңырағымыздың тірегі болып жүрген Сізге ұрпақтарыңыздың ортасында ауырмай, аман-сау отыра беріңіз дейміз.

Балалардың арасында жүріңіз, Шаттықтардан айықпасын жүзіңіз. Тілек еттік шын жүреппен бәріміз, Мықты болып, ұзақ өмір сүріңіз.

Құттықтаушылар: жұбайы Мәстүра, ұл-келіндері Біржан-Вера, Теміржан-Клара, Марал, Раушан, Қазбек-Гүлфия, Қайырбек-Гүлмира, қыз-күйеуі Алмагүл-Сайын, немере-жиендері мен шөберелері.



* * *
 Сайқын ауылының тұрғыны, бірімізге күйеу бала, бірімізге баба **Самиғолла Біләловты** 70 жасқа толуымен құттықтаймыз! Алла күш-қуат беріп, балаларының арасында қуанышқа бөленіп, жүзіңнен шуақ шашып, кәрілікке берілмей аман-сау отыра бер дейміз.

Өмірде қуаныштар бола берсін, Шаңырақ той-думанға тола берсін.
 Тәңірден ақ ниетпен біз тілейміз, Жетпіс жас жақсылықтар ала келсін.

Игі тілекпен: Еркін-Рабиға, ұл-келіндері мен қыз-күйеулері.



Т.Масин ауылының тұрғыны, сүйікті анамыз, асыл әжеміз **Бақытханым Есқалиеваны** 70 жасқа толуымен құттықтаймыз! Шаңырағымыздың бәйтеректей тірегі болып отырған Сізге

мықты денсаулық тілеп, әрқашан ортамызда ақылшымыз болып жүре беріңіз дейміз.

Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжи берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, Жетпіс жастың құтты болсын белесі.

Құттықтаушылар: жолдасы Ғалымжан, ұл-келіндері Саясат-Арай, Өтеген-Алтын, Аблхат-Айдана, Аслихат-Жазира, Төлеген-Гүлнара, Дәулет-Гүлнар, қыз-күйеулері Гүлбану-Нұржан, Гүлжанат-Оралхан, немерелері Нұрдаулет, Нұржанат, Рысбек, Нұртілеу, Камила, Аружан, Бекзат, Жұлдыз, Нұртас, Наурызбек, Әли, Жарқынай, Айназ, Ерғанат, Алина, жиендері Мейрамбек, Манарбек-Ақгүл, Сайранбек, Сәбина, Нұрбақыт, Нұрхан, Ақұштап, жиеншары Нұрсая.



Қапшағайдан хат

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің. Туған жердің қадірін шет жүргенде сезерсің». Балаларымыз қалай тауып айтқан. Үлкендер айтуын айтады-ау, соны тыңдап, санасына сіңіріп алар жас толқын болса. Балалықпен, шалалықпен көбін желге ұшырып алып, артынан өкінетініміз де рас. Мұның өзі тәубеге қайту, ұлттық негізге оралу. Өткенге ой жіберіп, елеп-екшеп, кейінгілерге тәлім етсек, тәрбие деген осы.

50 – ер жасы. Ал, біздің мектеп бітіргенімізге 50 жыл толды. Бисен Жәнекешев атындағы алтын ұяның 1968 жылғы түлектері оны барынша атап та өтті. Бисен ауылында өздері орнатқан «Әкелер даңқы» ескерткішіне гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы майдангерлері рухына тағзым етуден басталған шара соңғы қоңырау салтанатына, 1978, 1998 жылғы түлектер сыйлаған нысандардың (ботаникалық бақ, спорттық алаң) ашылуына ұласты. Сыныптастарым мәдениет үйінде тұрғындармен кездесіп, сұхбат құрып, шер тарқатысты. Ауыл өнерпаздары, сыныптастарымыздың немере-жиендері әрқайсымызға тақпақ арнап, дәріптеп, өнерлерін ортаға салды. Арамызда сынып жетекшіміз Тәпешаным апа Нәсиеваның отыруы, оның және техника ғылымының докторы оралдық Ермек Айталиев, тарих ғылымының кандидаты, доғарыстағы полковник, астаналық Ғаният Насыров, қарағандылық Сұлұшаш Ижанова, алматылық Бекболат Хамзин, тағы басқа құрбыларымыздың салиқалы әңгімелерін көпшілік ұйып тыңдады. Армадас құрдастарымыз ет-жүрегің елжіреткен бұл күн жайында бар шараны ұйымдастырып, басы-қасында жүрген ауылдық мәдениет үйінің директоры Екатерина Мөкешева аудандық газетке («О.ж.» 4 маусым 2018 жыл) берген екен. Оған да, қуана қарсы алып, үлкен құрмет көрсеткен барша ауылдастарға, ауыл атқамінерлеріне достарымыздың атынан алғыс айтамын.

Мен бұл мақаламды жазар ма едім, жазбас па едім, егер сыныптасым Бектас Бекжанов (мектепте фамилиясы Қозыкенов еді) мені іздеп Қапшағай қаласына келмегенде.

Қазекен айтқандай, қуанғаннан төбем көкке жетті. Өткен-кеткенді, балалық шақтың бал дәуренін қайыра



Біз де бала болғанбыз. 7-сынып.

Сағым күндер сағынышы

еске алысып, тағы бір жасап қалдық. Біреуге бірдеңе айтқысы келсе, ұл болсын, қыз болсын түйіп қалып, жалт қарағаныңда жымияп күліп тұратын бала Бектас бұл күнде қапсағай денелі дүр азамат, сайқындық зейнеткер. Арамыздан мектеп бітірген жылы Алматы қаласындағы жоғары оқу орнына бірден түскен Бекболат өкпеуі ғана еді. Бектас – политехтің, Бекболат нархоздың студенті атанған. Политехтен шыққан тау-кен инженері Қазақстан территориясын біраз шарлап, «Индербор» кен орнынан денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығады. Туған жерге оралып, аудандық сәулет және құрылыс бөлімінде істейді. Оны да қойғанына көп болған екен. Ақ бас Алатаудағы қалаға институтты бітіргендерінің 45 жылдық кездесуіне келіпті.

Әңгімеден әңгіме шығып, Бектас өзі туралы сыныптасымыз, журналист Каримолла Ғайсиннің «Орда

жұлдызына» жарты беттік мақала жазғанын, әйелі мен қызы үшеуінің суреттерін басқанын да мәлім етті. Оның айтуына қарағанда, Карес бірге оқығандардың біразы туралы қалам тербеген сияқты. Және сыныптастардың әр жылдардағы кездесулері хақында өзі қатыссын-қатыспасын газет оқырмандарын құлағдар етіп отырыпты. Осы орайда, құрамында Жарас Сәрсенов, Мәншүк Ғиниятова, Саниолла Қуанышқалиев, Нұрболат Дінсейітов, Ғаният Насыров сынды сыныптастарымыз бар ұйымдастыру алқасы әзірлеген фотоальбомға сол мақалаларды неге кірістірмеді екен деген ой келді.

– Ол газетті кім сақтап жүр дейсің? – деді Бектас. – Мәз бола оқып, бір-бірімізге көрісеміз де, ақыр аяғында ол парақтың қайда қалғанын білмей қаламыз ғой. Архив жинау бірен-саран әулетте болмаса, жалпы қазаққа әлі ене қойған жоқ. Мұрағат ісіне Бөкей

сұлтан із салып, өткен ғасырда жазушы Берқайыр Аманшин мәселе етіп көтерсе де, зиялылардан басқалар мойын бұрмаған сияқты. Жаппай сауаттанғанымызбен қандастарымыз мән бермей жүрген нәрсе көп-ау...

Иә, «Данияр» тойханасындағы кешкі басқосуда журналистің өзі: «Орда жұлдызына» Ғаният пен Саниолла ғана хат жолдап, пікір білдіріп тұрады. Қалғандарың да содан үлгі алыңдар. Өздерің жазған немесе сендер туралы жазылған материалдарды жинақтап, 60 жылдық кездесуге Жарас пен Мәншүк бір кітапша, мүмкін томдық шығарар» деп әзілдегенді. Ойнап айтсақ та, ойындағысы шығар. Неге солай істемеске? Жоба жасалып, бағдарламаға енгізілсе, тіптен құба-құп. Ден сау болса, он жыл деген не тәйірі, көзді ашып-жұмғанша өте шығады.

Орта мектептен соң бірден оқуға түсе алмай, ел қыдырып, әр жер-

де еңбек етіп, жер танығандардың бірімін. Еңбек кітапшамды Алматы қаласынан аштырып, Волгоград облысының Камышин қаласындағы техникумды бітіріп, электрик мамандығын алдым. Сайқында (БҚО), Палласовкада (Волгоград облысы) жұмыс істеп, ақыр соңында Теміртау қаласына барып тұрақтадым. Металлургия комбинатында қатардағы электрмен ауысым (смена) бастығына дейін көтерілдім. Зейнеткерлікке содан шықтым. Қоныс аударып кетсем де, комбинат әкімшілігі ардагеріміз деп ардақтап, жыл сайын демалыс орындарына тегін жолдама береді. Балаларым (Роллан, Жасұлан, Динара) институт бітіріп, отау құрып, бірі Алматыда, бірі Теміртауда тұрып жатыр. Зайыбым Ботагөз (Солтүстік Қазақстанның қызы) екеуміз зеріккенде соларға барсақ, демалыстарда өздері келеді. Каникулға шыққанда немерелерді өздері әкеліп тастайды. Адам ұрпағымен бақытты деген рас екен.

Осындайда отбасын да құрып үлгермей өмірден ерте кеткен Қапитолла Кәкішев, Роза Иманғалиева, Мұрат Биашев, Қайырболат Қауысов сынды сыныптастарымды еске аламын. Орнында бар оңалар деген, 50 жылдық кездесуге барғанда марқұм Қабес (Хабиболла) Әлесовтің ұлдарын, немерелерін көріп, өнерлерін тамашалап, олар атасының да әнін тамылжыта шырқағанда көңілдің босағанын жасырып қайтейін. Қабестің зайыбы Рысты да сыныптасымыз ғой, кездесуде бірге болдық. Ал, марқұм сыныптасымыз Рафхат Бегалиевтің орнын жоқтаптай ту-у сонау Алматыдан ат арытып жеткен зайыбы Нәсіпханымға біздер ғана емес, барша бисендіктер риза болды. Сондай-ақ, көршілес Жәнібек ауданына тұрмысқа шыққан сыныптасымыз Гүлжиян Еренованың күйеуі 34 жасында қайтыс болып, шийттей алты баламен қалыпты. Осыдан екі жыл бұрын Ақтөбедегі лаңкестердің әскери бөлімге шабуылын тойтаруда ерлікпен қаза тапқан жауынгер Берік Қалиев Гүлжиянның үлкен ұлы көрінеді. Батырдың анасы ретінде оған да зор құрмет көрсетілді.

Жоғарыда айтылған сыныптастар фотоальбомының кіріспесінде жазылғандай, «бастауыштан шыққан бір-бір үйдің еркесінен тату-тәтті, ынтымағы жарасқан балалар ұйымын қалыптастырған» жетекшіміз марқұм Айталиева Тайба Сәтбайқызы болса, қалған ұстаздарымыз да білім нәрімен сусындатып, тәлімді тәрбие берді. Солар қалаған негіздің арқасында әрқайсымыз өз шама-шарқымызша өмірден орын табуға, жаманат арқаламауға тырыстық. Бұл күнде зейнеткер шал-кемпірлерміз. Өйтсе де, көңілдеріміз қартаймаған. Бір-бірімізбен кездескенде балалығымыз ұстап кетеді. Балалық пәк сезімді, адалдықты, достықты сақтай білу де бақыт сияқты.

Өтеміс ҒИЫЛМАНОВ,
 зейнеткер.
 Қапшағай қаласы.



50 жылдықтағы кездесу